

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА  
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY



**«AUEZOV UNIVERSITY»  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
«AUEZOV UNIVERSITY»**

**SCIENTIFIC JOURNAL  
«AUEZOV UNIVERSITY»**

**№4 (12)**

**ШЫМКЕНТ 2024**

ISSN 2790-2005

**«AUEZOV UNIVERSITY»  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
«AUEZOV UNIVERSITY»  
SCIENTIFIC JOURNAL  
«AUEZOV UNIVERSITY»**

**№4 (12) 2024**

**Меншік иесі:** М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**Бас редактор:** Қожамжарова Д.П. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.

**Редакциялық алқа мүшелері:** Парманкулова Перизат Жаксылыковна – PhD докторы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Агавелян Рубен Оганесович – п.ғ.к., доцент, Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті, Ресей; Меор Мохаммед Фаред – доцент, Университет Путра, Малайзия; Гулямов Саидахрор Саидахмедович – э.ғ.д., профессор, Өзбекстан Ғылым Академиясының толық мүшесі; Суюнова Дильбар Жолдасбаевна – профессор, Ташкент мемлекеттік заң университеті, Өзбекстан; Асранбаева Мунажатхон – п.ғ.д., доцент Наманган мемлекеттік педагогикалық университеті, Өзбекстан; Канаатов Есимкан Елсуйер улы - PhD докторы, Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Өзбекстан; Қожамжарова Дария Пернешовна - т.ғ.д., құрметті профессор, ҚР ҰҒА академигі; Қазақстан; Есиркепова Алтын Махмудовна - э.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жолдасбекова Сауле Абдразаковна – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Кабылбекова Заурет Бердикуловна – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Мицкая Елена Владимировна - з.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Карбозова Гулнар Кумісбекқызы - ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Кәрібаев Сәрсебай Өскенұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Мадияров Нұрлыбай Көкешұлы – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Шакенова Майгүл Төлегенқызы – п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Сапарова Юлдыз Азимханова – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич - PhD докторы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Қалыбекова Асма Ахметқызы –п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Ниязбекова Роза Калманбаевна - э.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Орынтаев Жамбыл Кылуетович –з.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан;

ӘОЖ: 82-145

**\*Қ.К. ТҰРДЫБАЕВ<sup>1</sup>**доктор филологических наук (DSc), доцент, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс, Қарақалпақстан<sup>1</sup>**\*Корреспондент авторы:** [awada@mail.ru](mailto:awada@mail.ru)**ҚАЗІРГІ ҚАРАҚАЛПАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ****Түйін**

Қайсы дәуір әдебиетінде болмасын, лириканың ең көп жазылатын жанрлық түрі – бұл махаббат өлеңдері болып табылады. Ғашықтық лирикасы және махаббат лирикасы деген терминдер синоним ретінде қолданып, олар интимдік лирикаға жатады. Бұл термин латын тіліндегі *intimus* сөзінен алынған болып сөздік мағынасы бойынша «өте терең, өте ішкі» дегенді білдіреді. Махаббат өлеңдері өмір шындығы мен тұрмыс заңдылығына барып ұштасады. Әрбір ақын махаббатты өзінше сезініп, оны өзінше жырлайды. Бұл тамаша сезімді қарақалпақ ақындары – И.Юсупов өзінше, Х.Дәулетназаров пен О. Сәтбаев басқашалау, Н.Төрешова мен М.Жұманазаровалар мүлдем басқаша стилдік бағдарда жырлайды. Бірақ, олардың барлығының да лирикалық кейіпкерлерінің жаны таза, өз махаббатына адал болғысы келетін, бұл жолда тынбай күресетін, өзгелерге бақыт тілейтін пәк жанды адамдар. Егер де махаббаттың этикалық категориялардың бірі екендігін ескерсек, лирикалық кейіпкердің адал махаббаты қоғам үшін де моралдық үлгі ретінде қызмет етеді. Автор мақалада қазіргі қарақалпақ поэзиясында махаббат өлеңдері мен кең танылған ақындардың туындыларына терең талдау жасайды.

**Кілттік сөздер:** ғашықтық лирика, махаббат өлеңдері, интим лирика, И.Юсупов, М.Жұманазарова, лирикалық кейіпкер.

**Кіріспе**

Ғашықтық өлеңдер немесе махаббат лирикасы жөнінде әдебиетші Қ.Жәрімбетов: *«Жанрлық сипаттары бойынша ғашықтық өлеңдері лирикалық кейіпкердің жүрек тәрізін шыққан мөлдір сезімдерді береді. Лирикалық кейіпкердің жүрек сезімдері адамға тән табиғи (жыныстық) сүйіспеншілік негізінде пайда болады және олар сыртқы дүниелік тәсірлердің нәтижесінде этикалық қасиеттерді, яғни, қоғамдық тәртіптердің, ғұрып-әдеттердің, адамдық нормалардың тәсірі нәтижесінде, сондай-ақ дүниені көркем танудың нәтижесінде эстетикалық қасиеттерді иелейді»* [1, 106] деген еді.

Махаббат өлеңдері эмоционалдық тәсіршендігі, оқушыға эстетикалық ләззат бағыштай алу қасиеттері менен де бағалы. Лирикалық кейіпкердің махаббатқа байланысты көңіл арпалысын тәсіршең сәулелендіре алғандығы, әрине, өлеңнің поэтикалық шеберлік деңгейінің жоқары екендігінен дерек береді. Сондықтан да ақынның сөзбен салған әсем суреттерін оқушы назарынан тыс қалдырғысы келмейді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында әдебиеттану, әдебиет теориясы, философия, психология мәселелеріне байланысты теориялық еңбектерге шолу жасалды. И.Юсупов, Х.Дәулетназаров, О.Сәтбаев, М.Жұманазарова, Г.Дәулетовалардың шығармаларын талдау барысында мазмұндық ерекшеліктеріне шолу, сипаттау, жүйелеу, талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Аталған мақалада, әдебиеттанушы ғалымдардың тұжырымдары талданып, қорытыланды.

**Талқылау мен бақылау.** И.Юсупов шығармашылығының өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан кейінгі туындыларының өзгешеліктері жайлы өз уақытында орынды пікірлер білдірілді [2, 3]. Бірақ та, ақынның махаббат өлеңдері арнаулы түрде зерттелмеді. И.Юсуповтың тәуелсіздік жылдарында жарық көрген жинақтарындағы *«Гүлдер аңламас»*, *«Мен сениң кеуіңди қабартқан күн»*, *«Жалғызлық»*, *«Және келдим қәбириң басына»* және тағы басқа махаббат өлеңдерінде өмір философиясы мен махаббат сезімдерін ақын тығыз

біріктіріп, осы екі проблеманы ажыралмастай етіп суреттейді. Кейбір қатарларда елеспесіз түрдегі юморлық суреттеу тәсілдерімен-ақ ақын өмір мен махаббаттың ажыралмас бірлігін, мәңгілігін айтса, ал, басқа қатарларында мұңды сезімдер жәрдемімен өз сүйіктісін әлпештейтін лирикалық кейіпкер образын ашып жаратады. Мысалы:

*Сен кирмеген бағда жеміс пискендей,  
Сәнемлер қолынан шарап ишкендей,  
Қуұрақ тамызыққа ушқын түскендей,  
Түтинсиз, жалынсыз жанар мұхаббат [3].*

Дұрысында да, бұл орта жастан асқан ақынның және тұрмыстан мол тәжірибе жинаған данышпанның айтатын сөздері екені ақиқат. Бұның үстіне нағыз өмір философиясынан туған пікірлер екені де сезіліп тұр.

Ақын және бір өлеңінде махаббат отында жанған және тұрмыстың қарама-қарсылықтарына төтепкі беріп, оның табиғи ағысын мойынсынған лирикалық кейіпкердің образын айқын баяндаған:

*Инсан бул бәледен қорққан қашан да,  
Тислегендей өкиништен бармағын?  
Епке келсе, ашық болмай жасаң дә.  
Мен байғус сөйтіп бір жасай алмадым [4].*

Ақын өлеңнің ақырын өмір қарама-қарсылықтары мен оның соқтығысуларына құрып, реализмді тағы да тереңдетіп, арттырып бергені поэтикалық жақтан құнды болып табылады.

*Үш құмар көз бизди тутқынға алды,  
Екеуі жумылды, биреуі қалды.  
Ол хәм бизди тутып қәпеске салды,  
Қаниша талтынсам да босай алмадым.  
Ғижран пияласы липпеди шерге,  
Дәурән өткенлигин билдим сол жерде... (4)*

Мінекей, бұл қатарларды толыққанды және терең түсіну үшін ақынның өмірбаянына бір үңіліп, оны айқынырақ білу керек болады. Шынында, ақын-лирикалық кейіпкер өмірде екі рет аты сүрнігіп, үш рет өмірлік костар таңдауға мәжбүр болғаны – бұл тұрмыс шындығы. Лирикалық кейіпкер оқушыларға өз махаббат сырларын осы бағытта білдіріп отырады.

И.Юсуповтың төмендегі «*Және келдим қәбириң басына*» өлеңінен алынған қатарларда да өмір драмасы мен лирикалық кейіпкердің ішкі арпалысқан сезімдері, ой-пікірлер диалектикасы шеберлікпен ашылған. Мысалы:

*«Жаңарар» деп еди сүйгі – мұхаббат,  
Жаңармаса керек ол бір түйір де.  
Босатып жиберген ийеси жоқ ат,  
Басы батпас екен бөтен үйірге... (4)*

Бұл қатарларда өмір философиясы мен лирикалық кейіпкердің зарлы сезімдері берілген. Сондықтан да біз И.Юсуповты тек ғана саясатшыл, публицист ақын деп емес, тіпті ойшыл, данышпан ақындардың бірі деп бағаласақ артық айтқан болмаймыз.

Х.Дәулетназаровтың тәуелсіздік жылдарында жарық көрген «*Мұхаббат исмли қыз еди Аққу*», «*Ауылға қайтыуға баяғы қыз жоқ*», «*Сағынышым көзимнен тамшылар*», «*Көзлери кийиктің көзине мегзер*», «*Егер еслей алсаң*», «*Кереги жоқ еди сүйіудің*», «*Сен жақсы қызсаң*», «*Бір сүйгеним болды алты ай азық*» және басқа да көптеген махаббат өлеңдеріне композиторлар күй жазғандықтан олар көпшіліктің назарын өзіне тартты.

*Күнлерім – дизилискен тырналар,  
Өмірім дем сайын урланар,  
Моншақлар, жүзиклер, сырғалар...  
Әлүидағ әрманлар, әлүидағ!*

*...Мен туңғыш хат жазған қыз қайда?*

*Ол қайсы бағларда, биз қайда...*

*Дәртлерден көксимде муз пайда,*

*Әлұидағ, гүллерим, әлұидағ! [5]*

Х.Дәулетназаровтың «Әлұидағ, жаслығым!» өлеңінен алынған бұл қатарлар да ақын махаббат және өмір диалектикасының осындай сырларын дәл тауып айтқандықтан, олар керемет әсерлі де терең мағыналы болып келеді. Сондықтан олар күйге де, әуенге де, әнге де қолай.

Ақын махаббат пен өмірдегі осындай адасуларды, оның тұрмысымыздағы басқа құбылыстармен диалектикалық байланысын лирикалық кейіпкердің көңіл драмасына терең сіңіріп суреттей алғандықтан бұндай шығармалардың аудиториясы кең болып келеді.

Әрине, махаббат – әсем рухани әлем жемісі. Демек, әсемдік бар жерде ғана ғашықтық оты тұтанады. Х.Дәулетназаров осындай кезеңдерді портреттік детальдар арқылы бейнелей алады. Осының арқасында ақын қаламынан «*Көзлерің мухаббат тилинде сөйлер*», «*Көзлері кийиктің көзине мегзер*» деген өлеңдері туындаған. Бұлардың барлығы жанды тұрмыстан, қайнаған өмірден алынған штрихтар.

*Бәхәрде усылайша толқыйды суўлар,*

*Айдында усылайша жүзеди қуўлар,*

*Ай ма деп қаларсаң он төрттен туўған,*

*Ал, көзи кийиктің көзине мегзер.*

*Қаршыға қыяллы, тырна жүрисли,*

*Сыңғыр қағып аққан бұлақ күлисли,*

*Сыланып – таранған таўыстай мисли,*

*Көзи қуралайдың көзине мегзер [5].*

Бұл жолдар қарақалпақ поэзиясында Әжанияз ақыннан, тіпті, фольклорлық мұралардан бері келе жатқан ару қыз образын жасау дәстүрімен байланысты. Өлеңдегі ғажайып салыстырулар мен теңеулер осыдан дерек. Ақынның «*Бир сүйгеним болды алты ай азық*» атты махаббат лирикасында фольклордағы, классикалық әдебиеттегі жар сағынышы, оның дидарына ғашық болу мотиві лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерін көз алдымызға бейнелеуде айрықша көркемдік функцияны атқарған. Әдебиетімізде бұрыннан бар дәстүрлі мотивтен автордың шебер пайдаланғаны сезіліп тұр. Солай да, бұл өлең оқушы жүрегіне өте жақын. Х.Дәулетназаровтың тағы бір «*Бийтаныс қыз*» лирикасындағы суреттеу тәсілдері, онда сағыныш мотивінің басты орынды иелеуі өлеңнің фольклормен генетикалық байланысты екендігін білдіреді. Бұл нәрсе оның оқушыға деген эмоционалдық әсерінің күшеюіне қызмет еткен. Мысалы:

*Жамалы ай, исми-жисмиңиз кимдур,*

*Шашларыңыз түн дур, көзлерің күндур,*

*Тилиңиз бұлбұл дур, қолларың гүлдур,*

*Жүрер жолларыңыз қайсы, жағыс қыз?*

*Не жазып атырсаң кестелериңде?*

*Сағынышлы сөз бе, кеўил шерің бе?*

*Қандай арзыу-әрман жүрек төриңде?*

*Кестесинен бетер өзи нағыс қыз... [5]*

Сезилип тұрғанындай-ақ, ақын лирикалық кейіпкердің әсемдікке жаны құмарлығын, махаббатқа толы жүрек дүрсілін бейнелеуде фольклорлық суреттеу арсеналынан, атап айтқанда метафоралардан шебер пайдаланған. Бұларды қас ақынның тағы да мынадай сөз кестелерімен айшықтағаны да поэтикалық шеберлік көзқарасынан аса маңызды.

*Әрманың тоқылып болсын еринбе?*

*Биз күтип жүрсек те, мәйли көринбе?*

*Сен мениң қосығым кестелерінде,  
Толқыған, жилуылы – назлы ағыс қыз! [5]*

Бұл қатарлардың да өмір шындығы мен көркем сөз өнерінің тығыз байланысынан туылғандығы, сондықтан да оларда лирикалық кейіпкердің жүрек сырлары кеңінен ашып тасталғаны көрініп тұр.

Х.Дәулетназаровтың махаббат өлеңдерінің лирикалық кейіпкері жалпы сұлулықты ұғынатын, сұлулықты жан-тәнімен сүйетін қасиеттерді бойына сіңірген. Мысалы:

*...Күлкің мөлдір булақ сыңғырлысындай,  
Жұртты сағынтарсаң бәхәр қусындай,  
Қыз дегеннің бәри болса усындай,  
Дүньяда әрманлы жигит болар ма?... [5]*

Ақын бұл қатарларда «Сүйіп билмеслер де билместен сүйер» сияқты бір-біріне қарама-қарсы мазмұндағы сөз тіркестерін құры қолданып отырған жоқ. Негізінде, бұл сөз тіркестерінде лирикалық кейіпкердің махаббатқа терең сезімталдығы және ойшаң қатынастары бейнеленген.

Қазіргі қарақалпақ поэзиясында көрнекті ақындардың бірі М.Жұманазарованың махаббат лирикасы өзіне тән өзгешелікке ие. Ақынның ерекше пафоспен жазған мына өлеңін алайық:

*Сен сезбейсең еле мен,  
Түслериңе енемен,  
Хәр жыл сайын қайтадан,  
Бахәр болып келемен.*

*Еле мени излейсең  
Шөлде сегбир тартып сен,  
Хәтте өзің сезбейсең,  
Хижран болып келемен [6].*

Шынында да, бұл өз махаббатына мықты сенген, шешуші қарарға келген лирикалық кейіпкердің сөздері екендігі аян. Сонымен бірге, бұл лирикалық кейіпкер жалпы адамзатқа бақыт нұрын тілейтін гуманист көрінісінде көз алдымызға келеді. Сондықтан ол тағы да:

*Руұхый дүньяң құлазып,  
Кеулиң зурбеттен азып,  
Қалсаң әуметтен көз жазып,  
Ығбал болып келемен [6], - деп жазады.*

Лирикалық кейіпкердің махаббат сезімі жалпы адамгершілік проблемалары менен де тереңнен ұштасып кететіні, бұл нәрсенің өлеңнің маңызын және де арттыратыны анық. Ақын төмендегі қатарларында өз ойларын тағы да жандандырып, бұрынғыдан да айқындап, поэтикалық көзқарастан жетілдіріп береді:

*Пайыма диз шөгерсең,  
Қәдиримди биліп сен,  
Ал, мен сонда гәуҳар боп,  
Суұ түбине шүмемен....*

*Сұңғип қайтадан шығып,  
Суұ астында тұншығып,  
Қалбиң еңирер қыслығып,  
Ал, мен сеннен безермен.*

*Жай алып кеуіл төринен,  
Агла шығып бәринен,  
Бир-бир ушып көзиңнен,*

*Түслериңе енемен,  
Еле мен, еле мен... [6]*

Міне, бұл қатарларда да адам баласындағы сезімдер ассоциациясының түрліше құбылтып берілуі, осы арқылы ашылған лирикалық кейіпкердің рухани дүниесінің тереңдігі, байлығы ерекше көзге көрінеді. Нәтижеде ақынның махаббат лирикасын жаратудағы өзіндік сипаты, ерекше таланты байқалады. Сондықтан да, оның лирикалық кейіпкері пәктігі, өзіндік характерімен ажыралып тұрады. Мәселен, олар өз махаббатына ерісе алмаса да, анығырағы, сүйіктісі басқа біреулермен тұрмыс құрып, үй-жайлы болып кетсе де, кеулінде оларға деген тек жақсылық, қыймастық сезімдері сақталып қалған болады. Мысалы:

*Киятырсаң қасыңда нәрестең,  
Меҳириңнен мәс болып еркелер,  
Тусымнан өттің-ау сезбестен,  
Қалбим қыслығып өртенер [6].*

Осындай шиленіскен жағдайлар, өмірде, әрине, ұшырасып тұрады. Бұл өлеңдегідей әр кім өзін жүрегі дархан адамдай өзін тұта алмауы мүмкін. Бірақ, М.Жұманазарованың лирикалық кейіпкері ондай емес, ол өз ойын ашықтан-ашық білдіреді. Ақын осындай әдеби кейіпкер образларын жаратқанды абзал көрген болса керек. Өлеңде берілген жоғарыдағы драматик күйден соң автор мынадай арпалысқан сезімдер, толқытқан ойлар күресін береді де дұрыс поэтикалық қорытындылайды:

*Телмирип қарайман изиңнен,  
Руұхым сен таман ентелер,  
Ойлайман сен ушын мен киммен?!  
Сол сорау бауырымды тилкимлер.*

*...Урлау ма, яқ гөдек күлкисин,  
Бауырыңда өссин бийқайғы,  
Тилсе мениң, көксимди тилсин,  
Еки жүзли сезим қанжары [6].*

Ақынның жинақтағы «Бендемен», «Сенсиз», «Сүйгениң бийкар» атты өлеңдерінің идеялық-эстетикалық бағдарын да оқушыларымыз тап осындай позициядан тұрып дұрыс түсінуіне тура келеді. Өйткені, белгілі лирика зерттеушісі Л.Гинзбургтің дұрыс көрсеткеніндей: «Лирика үшін ең алдымен оқушының түсінімпаздығы керек» [7, 8].

М.Жұманазарова махаббатты жырлау барысында көбінесе өз сезімдерінің алдамайтыны жөнінде жазады, осы арқылы лирикалық кейіпкердің өз пікірлеріне деген сенімін айқын ашып тастайды. Бұндай қасиеттер оның «Сен келесең», «Яқ, мен сени...» сияқты өлеңдерінде де анық көрініп тұрады. Мысалы:

*Сонша жыл күттим, ҳижран, шыдадым,  
Ҥаққа сыйындым, үн-түнсиз жыладым,  
Тау-тасқа урылдым, қузға қуладым,  
Гүдер үзгеним жоқ, сен келесең... [6]*

Бұл да, шынында, ойшаң, өз махаббатына сенімі мықты және сезгір лирикалық кейіпкердің сөздері екені белгілі. Ақынның махаббат лирикасында жасалған осындай типтегі адамдар образы социал-элеуметтік, психологиялық маңызы, оқушыға деген эмоционаллық әсері бойынша да өзгешеленіп тұрады.

*Сенсиз бардым талай ортаға,  
Көрсетилди сый хәм хұрметлер,  
Күлким, сөзим бәри жортаға,  
Көз алдыма келбетің келер.*

*Керек емес жалған иззети,  
Жаным текте сени күсеймен,*

*Ким сезеди кеулимде дәртти,  
Иштен жанып, иштен түтеймен.*

*Қосық, сазлар шертилип атыр,  
Еситпейди қулағым хәрғиз,  
Буның бәри маған қампәтир,  
Отырарман қулазып сенсиз.  
Сенсиз, сенсиз, сенсиз... [6]*

Атақты ақын И.Юсупов та ертеректе айырылу дертіне душар болған лирикалық кейіпкер туралы осындай мотивтегі өлеңін дүниеге келтірген болатын. Онда «*Шағлап отырар ем тойларда бурын. Ал хәзир набада бара қала қойсам оған, Урланып қарарман... бос турған гүрсини...*» деген сияқты қатарларында осындай айырылу мотиві, махаббатқа опадарлық мотиві шебер берілгентұғын. М.Жұманазарова да осындай айырылу сезімінен зардап шеккен лирикалық кейіпкер образын жасау арқылы бұл шынайы сезімнің күшін көрсетіп береді. Ондағы соңғы анафоралық қатарлар (...*сенсиз, сенсиз, сенсиз...*) өлеңнің оқушыға деген эмоционалдық әсерін, поэтикалық күшін арттырып беруге қызмет еткен. Осы сияқты поэтикалық екпін түсіретін қайталаулар өлеңде:

*...Түслериңе енемен,*

*Еле мен, еле мен...* [6] түрінде де қолданылып, олар шығарманың өзіне тән стилдік оригиналдығын көрсетеді, және де лирикалық кейіпкердің жүрек төріндегі сырларды, автор пафосын оқушыға айқын жеткеріп тұрғандығы аян болады.

Қазіргі қарақалпақ лирикасының дамуында Г.Дәулетованың шығармаларының белгілі орны бар. Оның махаббат өлеңдері өзіндік сипатқа ие. Мысалы, ол «Мухаббат» өлеңінде былай деп жазған:

*Кеуіл сырын билдирмеге батпадым,  
Беглик тууын аұлағырақ атпадым,  
Сезимлерге турсамдағы майысып,  
Бир ауыз сөзиңе жууап қатпадым.*

*Мудам жүрегімде сени сақладым,  
Өзиңди деп сөз маржанын тақладым,  
Жеңгем хәзиллесе «койшы соны» деп  
Ал, пинхамы мақтағанын жақладым [8].*

Махаббат сияқты сырлы сезімнің қарақалпақ қыздарының ішкі рухани әлеміндегі сипатын ақынның осылай бейнелеуі оның ұлттық колориттен шебер пайдаланғанынан дерек береді. Бұның үстіне автордың қарақалпақ қыздарының ұлттық менталитетке сай түрде, тіпті, махаббат мәселесінде де әдептілік нормаларын сақтап қалуын суреттеуі лирикалық кейіпкер образының шебер жасалуына қызмет етіп тұр.

Лирикалық кейіпкердің сезім және ойларының өлеңдегі жалғасы ретінде автордың төмендегі қатарларды келтіруі оның рухани сипатының тереңдігін ұғындырады.

*Жалынлайман, жалындайман, жангенем,  
Алаулаған сенлик сезимлерден мен,  
Қой кеуіл деп өзім безинген менен,  
Ләйлиге сыңарлас болған қусайман.*

*...Беглик тууын ийдим қалбим сұлтаны,  
Мен өзиңе ашық болған қусайман... [8]*

Тәуелсіздік дәуірі қарақалпақ поэзиясында тұғырлы туындыларымен танылған О.Сәтбаевтың көптеген махаббат өлеңдерінде ақын лирикасының идеялық-эстетикалық, көркем-поэтикалық сипаттары ерекше байқалады. Әсіресе, ақын махаббат объекті болған қыздың көркем келбетін, яғни «объектив кейіпкердің» портреттік пішімін классик ақын

Әжінияз дәстүрлеріне сай сомдаған. Бірақ, О.Сәтбаевтың бұл жанрлық форманы жаратуда өзінің сара жолы, стилі бар. Оның «*Көк көйлегің тұрса тырысып*», «*Липасыңды жағысқа таслап*», «*Қанатына мегзеп құстардың*», «*Нәзалим қыз*» секілді махаббат өлеңдерінде ақынның өзіндік образ жасау ерекшелігі көрінеді.

*Көк көйлегің тұрса тырысып,  
Сийнең сырлы түс алар еди.  
Алмадайын пискен уұылжып,  
Жүзің гүлдей қызарар еди.*

*Қырға шыққан балыққа мегзеп,  
Жарқ етеди арыұ жамалың.  
Ақ поррықтай төсиңди безеп,  
Шыға келер еки әнарың.*

*... Үлбиреген қаймақ ләблерің,  
Ғумидадайын ғана бүрилип,  
Маржан тастай тислерің менен,  
Ериніңди қоясаң қымып [9, 7].*

Бұл қатарларда ару қыз портреті шебер сомдалған. Онда ақын махаббат отына күйген лирикалық кейіпкер образын, оның аруға деген ішкі ынтық сезімін, сұлулықтан эстетикалық ләззат алу сәттерін тереңнен ашады. Сондықтан да, лирикалық кейіпкер өз сезімдерін жасыра алмай, ішкі интимдік күйін былай бере алған:

*Сенлик ышқым турганда «писип»,  
Жоқ, мен артық шыдай алмайман!  
Аш белиңнен қапсыра құшып,  
Қанып-қанып поса алғайман! [9, 18]*

Ақынның «объектив кейіпкер» мен лирикалық кейіпкердің өзара қатынасын тек бір жақтама, қимылсыз, қозғалыссыз жағдайда емес, ал, оларды динамикалық жағдайда алып бейнелеуге ұмтылғанын көруге болады. Оның осы арқылы жетіскен поэтикалық табыстарын айтып өтуіміз шарт. Тап осындай сипаттар ақынның мына қатарларында құйқылжыта суреттелген:

*Қырдың қызыл гулине мегзеп,  
Сен бүгин де нартай жаныпсаң.  
Құймақтайын құйылып түскен,  
Қызыл көйлек кийип алыпсаң.*

*Қандай жақсы түсіп алып шоқтай,  
Арасында «лаұлап» жанғаның.  
Түн ишінде алысқан оттай,  
Көз құмарын жаұлап алғаның.*

*Шалғышыңды жамылып қыя,  
Қандай сулыұ пахта тергениң.  
Қыпша белиң талдай майыса,  
Ақ қуұ киби қалқып жүргениң [9, 18].*

Демек, бұл қатарларда лирикалық кейіпкердің өз аруына деген сағынышы, ынтықтығы, оған деген ұмтылысы – барлығы топтастырып берілген. Кейіпкердің динамикалық портреті, яғни оның сыртқы келбетінің қимыл-қозғалыста болуы оқушының оған деген сенімін арттыруға, бұл образдың тұрмыстық маңызын, өміршеңдігін қамтамасыз етуге қызмет еткен. «*Ақ қуұ киби қалқып жүргениң...*» теңеуі динамикалық қозғалыс күйіндегі аруды және

де шырайландырып, сұлулық образын жасайды. Осы сипаттар ақынның тағы бір мынадай қатарларында және де байытып баяндалған:

*Липасыңды жағысқа таслап,  
«Ишша» деп сәл шимиркендің де,  
Бірден жүзіп кеттің құлашлап,  
Тынық суыға мөлхәм ендің де.*

*Аппақ сийнең суыға шайылып,  
Алтын сәуле таратқандай ма.  
Қамыслықты еки айырып,  
Суы периси баратқандай ма!*

*Қамыслықтан айдын суы тауып,  
Жуыңғаның қандай шырайлы!  
Мақпал шашың бөксеңди жауып,  
Қубылғаның қандай шырайлы! [9]*

Осындай аруға ғашық болып қалған, оның жүз-жамалына тамсанып отырған лирикалық кейіпкердің көңіл толғаулары оқушыға деген эмоционалдық-экспрессивтік әсері күшейтіліп және де төмендегіше беріледі:

*Нурдай саулат қуйған жұснице,  
Қушақ-қушақ қара шашыңды.  
Сыйпап турып, жумсақ көксине,  
Әх, бір қойсам еди басымды! [9]*

Және де:

*Шұбатылған мақпал бұрымды,  
Пәр дастықтай дизиңе салып,  
Ақ қайыңдай қос балтырыңды,  
Отырыпсаң ағысқа малып.*

*Сүмбил шашың толқында тұұлап,  
Ай қәуметің нурдай балқыйды.  
Көл турқыңды салар сұлыұлап–  
Гүл дийдарың сууда қалқыйды. [9]*

О.Сәтбаевтың поэзиясында бұндай қатарлар жиі ұшырасады және олардағы тағы бір ерекшелік, бұл махаббат сезімдерінің көп жерлерде табиғат фонында пейзаждық суреттеулер арқылы тәсірлендігін асырып берген. Мысалы:

*Уыылжып тискен бір жұп алмадай мисли,  
Жүзи гүл-гүл дөнип қыз тұбалайды...  
Әне, жуп құмыры табысты дүзде,  
Көкте миллиард жулдыз...  
Ай сығалайды.*

*Бир гез ерке самал тарқатып шашын,  
Бұл нәзелім көкке күліп қарайды.  
Ал, жипек жел алып қашса шалғышын,  
Жулдыз жымың қағып,  
Ай сығалайды. [9]*

Шынында да, бұл қатарларда табиғат пен ғашықтың ұшырасуының ғажайып бейнесі сөзбен шебер салынған.

### **Нәтижелер**

Қарақалпақ поэзиясында махаббат лирикасының ерекшеліктері жайлы К.Худайбергенов та пікірлер білдірген [10]. И.Юсуповтың XX ғасырдың 80-жылдарынан

кейінгі поэзиясында махаббат өлеңдері өзінің жаңаша мазмұны, стилі, жоғары көркемдігімен ажыралып тұрады. Бұл өлеңдер өзгеше бір стилдік бағдарға ие, олардың реалисттік сипаты тағы да тереңдеді, трагизм мен комик сипаттар да бұл өлеңдерде бір-бірімен қабысып, өзгеше бір сезімдер гаммасын пайда етті. Сәйкес түрде олардың эмоционалдық сипаты мен поэтикалық шеберлік дәрежесі де жоғары басқышқа көтерілді.

Өмір мен махаббат жолдарындағы қарама-қарсылықтарды, мұнды кезеңдерді кім болса да өзінше бастан кешіруі мүмкін, себебі ол жаратылыстың табиғи заңы, маңдайға жазылған тағдыр. Ақын бұлардың барлығын кейбір ұқыпсыз қаламгерлер секілді мазмұнсыз, жалаң сөздермен емес, сұлу эстетикалық сезімдердің бірі болған махаббатты өмір драмасы негізінде сомдаған.

Х.Дәулетназаров тәуелсіздік жылдарында ең жақсы махаббат өлеңдерінің авторы ретінде қарақалпақ лирикасын алуан түсті бояулармен байытты. Ақын өлеңдерінің кең аудиторияны өзіне тартудың себебі сонда, оларда махаббаттың қырлы сокпақтары мен қатерлі жолдары: ғашықтардың алғашқы тәтті және ұмытылмас ұшырасу сәттері, ғашықтық мөлдір сезімдері, адасулар, өкініштер, үмітсіздіктер, жалпы, өмір мен махаббаттың шымшытырық картиналары біздің көз алдымыздан бірме-бір өтіп тұрады. Х.Дәулетназаровтың өлеңдерін оқысақ, кейде қуанышқа, кейде мұңға бөленіп, жалпы, махаббат жайлы, өмір жайлы ойларға батамыз. Басқаша айтқанда, Х.Дәулетназаров махаббат өлеңдерінің оқушыға деген эмоционалдық әсері күшті. Өйткені, махаббат дертінде жанған лирикалық кейіпкердің сан алуан күйі оқушы жүрегіне өте жақын.

Сондықтан, Х.Дәулетназаровтың махаббат өлеңдері жәй сұлу ұйқасқа, бір тегіс ырғаққа, сыртқы көркемдікке құрылмастан, олар философиялық мәні-мазмұнының тереңдігімен де сипатталады.

М.Жұманазарова өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкердің жүрегі дертті сезімдерге толы, бірақ ол махаббатқа адал, оған болған мықты сенімімен ажыралып тұрады.

Г.Дәулетованың өлеңдерінде ұлттық характерге тән болған рухани-психологиялық белгілер, өмірдің қоғамдық, социал-психологиялық мәселелері махаббатқа байланысты шеберлікпен ашылған.

Ал О.Сәтбаев шығармаларында лирикалық кейіпкердің махаббат сезімдеріне бөленген және тамаша табиғат құшағында көрінген келбеті және де нақтырақ бейнеленген. О.Сәтбаев бізді қоршаған керемет табиғатты және махаббат сезімдерінің алауын психологиялық параллелизм тәсілінде шыңына жеткере баян еткен.

### **Қорытынды**

Жалпы алғанда, аты аталған ақындардың махаббат лирикасын талдау арқылы біз олардың бұл бағдардағы шығармалары тәуелсіздік дәуірі қарақалпақ поэзиясында белгілі орын иелегенін, осыған орай қазіргі лирикамыздың дамуына белгілі үлес болып қосылғанын айтуымыз керек. Демек, бұл дәуірдегі махаббат өлеңдерін әдебиетіміздің және де алға өркендеуіне тәсір жасаған көркем-әдеби құбылыс ретінде бағалауға болады. Жаңа дәуір, жаңа социал-психологиялық орталық қарақалпақ әдебиетінде осындай поэтикалық құбылыстардың алға ілгерілеуіне негіз жаратты.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Жәрімбетов Қ. XIX әсір қарақалпақ лирикасының жанрлық қасиеттері хәм раўажланыў тарихы. – Нөкис: «Билим», 2004. – 94 б.
2. Жәрімбетов Қ. Мәңги булақ // «Еркин Қарақалпақстан», 2019. 4-май.; Оразымбетов Қ. Таңдамалы шығармалар топламы. II том. Нөкис: «Билим», - Б. 3-9, 13-20.
3. Юсупов И. Хәр кимнің өз заманы бар. Қосықлар хәм қысса. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 2004. – 113 б.
5. Юсупов И. Беглигинди бузба сен. Қосықлар. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1995. – 96 б.
6. Дәулетназаров Х. Хош қал, жаслығым. Қосықлар. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1993.
7. Жұманазарова М. Еле мен... Қосықлар. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 2003. – 136 б.

8. Гинзбург Л. О лирике. 2-ое изд. Советский писатель. – Ленинград: 1974. – 408 с.
9. Дәўлетова Г. Сениң дәртиң менен жасайман, ҳаял! Қосықлар. – Нөкис: «Қарақалақстан», 2001. – 64 б.
10. Сәтбаев О. Ай сығалайды. Қосықлар. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1992. – 92 б.
11. Худайбергенов К. Лирика хәм өмир. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1979. – 103 б.

#### **Аннотация**

Любовные стихи — наиболее часто сочиняемый жанр лирики в любой период литературы. Термин «любовная лирика» относится к интимным лирикам. Этот термин происходит от латинского слова *intimus*, которое буквально означает «очень глубоко, очень внутри». Любовные стихи связаны с реальностью жизни и законом жизни. Каждый поэт по-своему чувствует любовь и по-своему воспеваает о ней. Каракалпакские поэты с прекрасным чувством – И. Юсупов по-своему, Х. Даулетназаров и О. Сатбаев другой, Н.Торешова и М. Жумазарова поют совсем в другом стиле. Но у всех них чистая душа, это невинные люди, которые хотят быть верными своей любви, упорно борются на этом пути и желать счастья другим. Если принять во внимание, что любовь является одной из этических категорий, то честная любовь лирического героя служит нравственным примером для общества. В статье автор проводит углубленный анализ любовных стихов и произведений широко признанных поэтов в современной каракалпакской поэзии.

#### **Abstract**

Love poems are the most frequently written genre of lyrics in any period of literature. The term “love lyrics” refers to intimate lyrics. The term comes from the Latin word *intimus*, which literally means “very deep, very inside.” Love poems are related to the reality of life and the law of life. Each poet feels love in his own way and sings about it in his own way. Karakalpak poets with wonderful feeling – I. Yusupov in his own way, Kh. Dauletnazarov and O. Satbaev in another, N. Toreshova and M. Zhumazarova sing in a completely different style. But they all have a pure soul, they are innocent people who want to be true to their love, fight hard on this path and wish happiness to others. If we take into account that love is one of the ethical categories, then the honest love of the lyrical hero serves as a moral example for society. In the article, the author conducts an in-depth analysis of love poems and works of widely recognized poets in modern Karakalpak poetry.

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ  
PEDAGOGICAL SCIENCES AND HUMANITIES**

- М.М. Абдибаева\*, Б.Ф. Мамырова, Ж.О. Конысбаева**  
Магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
Магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
Оқытушы, Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы, Шымкент, Қазақстан  
**ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ  
ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ** 3
- М.М. Абдибаева\*, Ж.Н. Ибадулла, Ж.О. Конысбаева**  
Магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
Магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
Оқытушы, Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы, Шымкент, Қазақстан  
**ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ 3-D ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ  
ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ** 8
- Абилдаева Р.А., Садуақасқызы А., Дайрабаева А.Ж., Арыстанова С.Д.**  
б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
PhD аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДАҒЫ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ** 12
- Абилдаева Р.А., Серікбосын Д.Е., Ералы Т., Арыстанова С.Д., Дайрабаева А.Ж.**  
б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
PhD аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ІЛЕ АЛАТАУЫНДАҒЫ МҰЗДЫҚТАРДЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТИПТЕРІ** 16
- Р.А. Абилдаева, Г.С. Бақытыберлина, А.Ж. Дайрабаева, С.Д. Арыстанова.**  
б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
PhD, аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ** 20
- Ұ.М.Абихан\*, П.А.Кожобекова, Ж.Р.Умарова, Ж.Д.Изтаев**  
магистрант, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
к.т.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
д.т.н., профессор, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
к.т.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан  
**ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ, КЛАССИФИКАЦИЯ, ПРИНЦИПЫ И ПОДХОДЫ К  
ОБУЧЕНИЮ В ФОРМАТЕ МООК** 25

**А.Н. Турсунов, Ф.У. Айтмамбетов, А.А. Дарибаева**

кандидат филологических наук, ЮКУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
старший преподаватель, ЮКУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
магистр гуманитарных наук, ЮКУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**СПЕЦИФИКА ОБУЧЕНИЯ АУДИРОВАНИЮ ИНОСТРАННЫХ УЧАЩИХСЯ ПРИ ПАРАЛЛЕЛЬНОМ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО И УЗБЕКСКОГО ЯЗЫКОВ**

172

**Қ.К. ТҰРДЫБАЕВ<sup>1</sup>**

доктор филологических наук (DSc), доцент, Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс, Қарақалпақстан<sup>1</sup>

**ҚАЗІРГІ ҚАРАҚАЛПАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ**

179

**А.Б. ТҰРДЫМҰРАТОВА**

Докторант, Өзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы Өзбек тілі, әдебиеті және фольклоры институты, Ташкент, Өзбекстан

**ЭПОСТАРДА ДӘСТҮРЛІ ФОРМУЛАЛАР ЖӘНЕ ПОЭТИКАЛЫҚ СИМВОЛДА**

189

**Г.Ж. Утегенова\*, А.И.Алиев, А.Д.Харитиди**

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
ХТ-23-14тр тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
ХТ-23-14тр тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ЕТІСТІКТІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

194

**Г.Ж. Утегенова\*, Ж.Тасбау, А.Тавбекова**

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
ХТ-23-10р тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
ХТ-23-10р тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**МАҒЫНАЛАС ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ**

198

**А.Ү.Үсенбай, П.Ә.Абдуразова**

докторант. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент қ. Қазақстан  
PhD, қауымдастырылған профессор. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент қ. Қазақстан

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

202

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Б. Д. Бекназаров\*, Л. С. Колдасова**

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент, Қазақстан

**ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІН ТАЛДАУ**

207

**А. Бигельдиева\*, Г.Е.Мауленкулова, М.Д. Бөртебаев**

э.ғ.к., доцент, М.Ауезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
э.ғ.к., доцент, М.Ауезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М.Ауезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**БАНКТЕРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫ РЕТІНДЕГІ РОЛІ**

211

**Ғылыми журнал**

2022 жылдың тамызынан бастап жылына 4 рет шығарылады

**Редактор:** Назарбек У.Б.

**Жауапты редактор:** Айнабеков Н.Б.

**Техникалық редакторлар:** Кадырова Д.С.

**Меншік иесі:** М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген  
№ KZ88VPY00041222 (07.10.2021 ж.)

Алғашқы тіркелуі және нөмірі № 2226-ж (13.08.2001 ж.)

---

17.12.2024 ж. баспаға қол қойылды. Көлемі 17,7 б.т. Тираж 300 дана.  
Жазу қағазы. Офсеттік баспа. Тапсырыс № 3903. М. Әуезов атындағы ОҚУ, АҒД  
Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, тел: 21-19-82